



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№66 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарын тағайындау туралы

2014 жылғы 22 қыркүйек

Алматы

Мемлекет басшысының өкімімен Олег Александрович Смоляков Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Олег Александрович Смоляков 1975 жылы Алматы қаласында дүниеге келді. 1996 жылы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын экономист мамандығы бойынша бітірді, 2001 жылы Ұлттық саяси зерттеулер институтында (National Graduate Institute for Policy Studies), Токио, Жапония, Мемлекеттік саясат мастері дәрежесін алды. 2011 жылы оған Уорика Университетінде (University of Warwick), Ұлыбритания, Қаржы және экономика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілді.

1996 – 1998 жылдар аралығында ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаментінің төлем балансы және капитал қозғалысы басқармасы халықаралық инвестициялар балансы секторының жетекші экономисі болып жұмыс істеді.

1998 – 2002 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеу және статистика департаменті төлем балансы және капитал қозғалысы басқармасының бас маманы.

2002 – 2004 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті төлем балансы басқармасы бастығының орынбасары.

2004 – 2006 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті директорының орынбасары.

2006 – 2011 жылдар аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық басқармасының бастығы.

2011 ж. – 2014 жылғы маусым аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық департаментінің директоры.

2014 жылғы маусым – 2014 жылғы қыркүйек аралығында – ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық тұрақтылық және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.

«Қазақстан конституциясына 10 жыл» ескерткіш белгісі, «ҚРҰБ еңбек сіңірген қызметкері» төске тағатын белгісі, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі, «Ерен еңбегі үшін» медалі (ҚР Президентінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы №707 Жарлығы), «Теңгеге 20 жыл» мерекелік медалі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының Алғысхаты бар.

Үйленген. Бір ұлы бар.

Толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 704 639, E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)